

ISSN 2413-4953

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
**ТРАНЗИТНАЯ
ЭКОНОМИКА**

В НОМЕРЕ:

**4
2020**

ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В БОРЬБЕ
С ПОСЛЕДСТВИЯМИ ПАНДЕМИИ COVID-19

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН
ТАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВЛИЯНИЕ КОРПОРАТИВНОГО ПОДОХОДНОГО НАЛОГА
НА СНИЖЕНИЕ НАЛОГОВОГО РИСКА В РЕЗУЛЬТАТЕ
НАЛОГОВОГО ПЛАНИРОВАНИЯ

ТРАНЗИТНАЯ ЭКОНОМИКА

Научно-практический журнал «Транзитная экономика» является одним из ведущих периодических научных изданий Республики Казахстан в области экономических наук, издается с июля 1997 года, имеет свою стабильную аудиторию.

На страницах журнала Вы найдете широкий спектр различных мнений и полезную информацию по вопросам экономической политики, разработки экономического механизма индустриально-инновационного развития Казахстана, проблемам развития отдельных отраслей и сфер экономики.

Публикации журнала ориентированы на специалистов и аналитиков республиканских и региональных органов управления, государственного сектора экономики, крупных народнохозяйственных структур, высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, студентов, магистрантов, докторантов и круг читателей, проявляющих профессиональный интерес к проблемам социально-экономического развития. В редакционный совет входят ведущие ученые-экономисты Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья.

Периодичность выхода журнала – один раз в 3 месяца.

Подписку на журнал можно оформить во всех почтовых отделениях «Казпочта», в подписных агентствах «Казпочта», «Евразия-Пресс», «Эврика-Пресс».

Индекс подписки 75781. Подписная цена на год для физических и юридических лиц – 11 200 тенге.

Издатель ИП «ХАНШАЙЫМ»:
ИИК KZ90826A1KZTD2020958, КБЕ 19
в Филиале АО «АТФ Банк» г. Алматы:
БИК ALMNKZKA, БИН 721019401132

Условия подписки и размещение статьи
Обращаться в редакцию по адресу:
050000, г. Алматы, мкр. Мамыр-1, д. 29/7, офис 156
Сайт: www.tranzit-as.kz
E-mail: tranzit_ek@mail.ru, aijan1910@mail.ru
Телефоны: 8 (747) 373 93 26, моб. 8 (701) 373 93 26

ISSN 2413-4953

Научно-практический
журнал
«Транзитная экономика»

Издается с июля
1997 года

Учредитель:
ИП «Ханшайым»

Главный редактор
Айжан Асилова

Редакционная коллегия:

Узан Исаков

(Казахстан)

Асан Сатмурзаев

(Казахстан)

Данагуль Тлеужанова

(Казахстан)

Валентина Бондаренко

(Россия)

Петя Колева (Франция)

Нина Дюлгерова

(Болгария)

Ерканат Темирханов

(Казахстан)

Жангельды Шимшиков

(Казахстан)

Салима Барышева

(Казахстан)

Назгуль Шамуратова

(Казахстан)

Махаббат Жамкеева

(Казахстан)

Петр Хайек (Чехия)

Журнал
зарегистрирован
в Министерстве
связи и информации
Республики Казахстан

Свидетельство
№ 14503-Ж

СОДЕРЖАНИЕ

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

Дауылбаев Қ.Б., Ондаған Д.Ы.
Қазақстан Республикасының инновациялық даму жағдайындағы ұлттық экономиканың бәсекелік дамыту мәселесі..... 4

Искакова К.С., Балабекова А.Б.
Влияние корпоративного подоходного налога на снижение налогового риска в результате налогового планирования..... 16

Касенова Г.Е., Ильяшев Е.Х.
Интеграция технологии блокчейн в финансовую систему Казахстана..... 28

ГЛОБАЛЬНАЯ И РЕГИОНАЛЬНАЯ
ИНТЕГРАЦИЯ

Bildebaeva A.
Budget accounting settlements with employees.... 37

Дауылбаев Қ., Кудерина М.Е.
Алматы облысының инвестициялық қатынастарын талдау мәселелері..... 42

Сабырбек Ұ.А.
Алматы қаласында орналасқан бес жұлдызды қонақ үйлерді басқаруда лояльді бағдарламаларды енгізу мен жүзеге асыру..... 51

МАКРОЭКОНОМИЧЕСКАЯ
ПОЛИТИКА

Касенова Г.Е., Дузелбай А.Б.
Налоговые льготы: эффективность и целесообразность в условиях пандемии..... 62

Кахарманова С.
Экономическая безопасность Казахстана в условиях глобализации мировой экономики..... 69

За содержание публикуемых в журнале авторских материалов и рекламы редакция ответственности не несет.

Мнение автора не всегда совпадает с мнением редакции

Подписной индекс
75781

Формат 70×108 1/16.
Бумага офсетная
Печать Riso
Тираж 500 экз.
Цена договорная

050000, г. Алматы,
мкр. Мамыр-1, д. 29/7,
офис 156

Тел.: 8 (747) 373 93 26,
8 (701) 373 93 26

<http://tranzit-as.kz/>
tranzit_ek@mail.ru,
aijan1910@mail..ru

Отпечатано в
издательском
центре журнала
«Транзитная экономика»

©Транзитная экономика
2020

Дабылтаева Н.Е., Ыбышева С.Т. Внедрение инновационных технологий в борьбе с последствиями пандемии COVID-19.....	76
--	----

ИНСТИТУТЫ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

Иманкулова Б.Б., Барышева С.К., Цыренов А. Новые реалии денежно-кредитной политики РК.....	85
--	----

Шегенова А.А. Управление продажами финансовых услуг современных коммерческих банков.....	91
--	----

Дауылбаев Қ.Б., Әби А. Ұйымдарда персоналды басқару жүйесінің негізгі әдістерін талдау.....	98
---	----

Kassenova G.E., Nurzhan Y. Investment strategies of commercial banks in the securities market.....	108
--	-----

Асилова А.С., Карабаева Ж.С. Оқытушы имиджі университет мәртебесінің ажырамас бөлігі.....	114
---	-----

Асилова А.С., Жумадилова Т.Б. Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің жаңашылдығы.....	115
--	-----

Сведения об авторах.....	116
--------------------------	-----

Информация о членах редакционной коллегии.....	118
--	-----

Требования к содержанию и оформлению статей.....	119
--	-----

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

ХҒТАБ 06.52.25

Қ. Дауылбаев¹, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Д.Ы. Оңдаған², магистрант

^{1,2} Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕЛІК ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІ

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан алдына өнеркәсіпті дамуды ұйымдастыру саласындағы, өндірістік-экономикалық ұғым ретінде бәсекеге қабілеттілігін практикада бірегей ұлттық инновациялық жүйе құру сияқты міндеттер қойып отыр. Осы міндеттерді шешу мемлекеттің алдағы экономикалық және технологиялық күшінің базалық негіздерін, бәсекеге қабілетті экономиканы дамытудың іргетасын қалайды. Әлемде болып жатқан жаһандық және интеграциялық процестер сапалы экономикалық өсуге қол жеткізудің қажеттілігіне бойланысты инновацияларды құру және іс жүзінде пайдалану қабілетін алдын ала айқындады. Атап айтқанда, индустриалды дамыған елдер үшін инновациялар ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторына айналууда. Тек бәсекелестік инновацияны тудырады, жеке кәсіпорындарды ең жақсы технологиялық шешімдерді іздеуге, өнімді жаңартуға мәжбүр етеді. Мұндай жағдайлар үнемі жүргізілетін инновациялық-технологиялық болжамдар негізінде инновациялық ортада түбегейлі қайта құруды, өндірістік-экономикалық басқарудың жаңа тетіктерін пайдалануды талап етеді. Осыған байланысты дамыған елдердің институционалдық тәжірибесі негізінде ұлттық инновациялық жүйені пәрменді құру қажет. Бұл мақалада Қазақстанның экономикалық инновациялық бәсекелестікті факторларын еңсеру бойынша әлемдік тәжірибенің қолданылуын зерттеуге арналған. Мақалада Қазақстан Республикасында инновациялық даму жағдайындағы ұлттық экономиканың бәсекелік дамуына проблемалар анықталды, оларды шешудің тетіктері мен жолдары ұсынылды, инновациялық бәсекелестіктің даму факторлары жүйеленді.

Түйінді сөздер: инновациялық бәсекелестік, экономикалық категория, инновациялық дамудың сатылары, индустриалды-инновациялық даму.

Кіріспе. Инновациялық дамуға қатысты теориялық негіз болған өнеркәсіпті ұйымдастыру саласындағы зерттеулер болып табылады. Сонымен бірге, өнеркәсіпті ұйымдастыру теориясына зерттеушілер мен мемлекет басшылығы тарапынан ерекше көңіл бөлінді. Алайда экономикалық ұғым ретінде бәсекеге қабілеттіліктеп дербес қарастырылды.

Бәсеке мен бәсекеге қабілеттілік ұғымдарын өнеркәсіпті ұйымдастыру мәселелерімен байланыста классиктер А. Смит [1], А. Маршаллмен [2] және неоклассиктер Ф. Хайек [3], Э. Чемберлинмен [4] зерттелген. Дегенмен өнеркәсіптік даму және саясат ғылыми және әдістемелік тұрғыда индустриалдытөңкеріс кезеңімен тұспа-тұс келген ХХ ғасырдың басында, неоклассиктердің ізін басқан келесі зерттеушілер – Дж. Бейн [2], В. Леонтьев [5], Дж. Стиглер [6], Ж. Тироль [7], Д. Хей мен Д. Морристің [8] еңбектерінде қалыптасты. Аталған экономистердің анықтамаларына сәйкес, индустриалды қоғам – дамыған қоғамдардың табиғатын талдайтын және оларды өзге дәстүрлі қоғамдардан ерекше ететін түрленулерін жалпылайтын капиталистік қоғаммен қатар екі маңызды категорияның бірі болып табылады. «Индустриалды қоғам» ұғымын А. Сен-Симон теориялық негізін қалап енгізді. Бұл бағытты О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм және басқалары дамытып, АҚШ және Батыс Еуропада ХХ ғасырдың 50-60 жж. индустриалды қоғам теориясын кең таратты (Р. Дарендорф, Р. Арон, В. Ростоу, Д. Белл және басқалары).

Сараптамалық бөлім. Қазіргі заманғы институционализмнің бағыттарының бірі индустриалды қоғам теориясы болып табылады. Бұл теорияның пайда болуы қоғамның дамуындағы түбегейлі өзгерістермен шартталған. Өзгерістер әлеуметтік, мәдени салалармен бірге техникалық салаларда орын алып жатыр. Микроэлектроника, есептеу техникасы мен машина жасау, информатиканың пәрменді индустриясы, ғарышты игеру, термоядролық синтез энергиясын игердің нақты мүмкіндіктері – бұның барлығы технологияның қоғамдық жедел даму факторы ретіндегі рөлін шарттайды. Еңбектің мазмұнымен бірге өнімділік те ондаған есе артады. Нәтижесінде қоғам сипаты өзгереді.

Нақты экономикалық категория ретінде индустриалды қоғамның негізін қалаған француздық экономист Реймон Арон (1905-1983) болды. Ол өз тұжырымдамаларын 50-жылдардың ортасында Сорбоннадағы дәрістерінде оқыды. Алайда индустриалды қоғамға қатысты оның алғаш жарияланымы «Индустриалды қоғам туралы он сегіз дәріс» 1962 жылы ғана жарық көрді. Индустриалды қоғам мәселелерімен баспада алғаш шыққан американдық экономист, әлеуметтанушы, тарихшы Уолт Ростоу (1916 жылы туылды) болды.

Д. Белл Маркстік теорияның өндіріс әдісінің келесі «екі аспектісі» ретінде қоғамның өндірістік қатынастары мен оның өндірістік күштерін атай отырып, Раймон Аронның еңбектерінде айтарлықтай дамыған индустриалды қоғам теориясы осы Маркстік теорияның екінші аспектісінен, яғни өндіріс әдісінен шығатынын көрсетті.

Инновациялық теориясының өкілдері қазіргі заманғы капитализмді өнеркәсіпті ұйымдастырудың, «индустриалды жүйенің» бір түрі ретінде түсіндіреді, осылайша қазіргі заманғы ірі ауқымды өнеркәсіп өндірісімен байланыстырылады, ал капитализмнің болашағын қоғамдағы өндірістік күштердің өзгеруімен сипаттайды.

У. Ростоу қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық дамудың үрдістерін түсіндіруге мүмкіндік беретінін, бұл арада орталық буын өндірісті ұйымдастыру бойынша арнайы білім мен техника институттары болатынын дәлелдеді. У. Ростоу индустриалды дамудың сатыларын келесідей жіктеуді ұсынды (1-кесте).

1-кесте. У. Ростоу әдістемесі бойынша инновациялық дамудың сатылары

№	Индустриалды даму кезеңі	Сипаты
1.	Дәстүрлі қоғам	Экономика ауыл шаруашылық сипатқа ие, қарапайым өндіріс тән, өндіріс ауқымы төмен (феодализмнің соңына дейінгі кезең – орта ғасырлық Еуропа, Қытай монархиясы)
2.	Өтпелі қоғам	Ғылым ашулары өндіріске енгізіледі, капитал қорланымы болады, «жаңа үлгідегі кәсіпкер адамдар» пайда бола бастайды, бірақ еңбек өнімділігі төмен (Батыс Еуропа, XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басы)
3.	Даму кезеңі	Өнеркәсіптегі техникалық дейгей күрт жоғарылайды, фабрикалар саны көбейеді, қалалар саны артады, инфрақұрылым қалыптасады (транспорт, байланыс, жол және т.б.), жаңа кәсіпкерлік орта дамиды (Ұлыбритания, XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басы)
4.	Жедел жетілу кезеңі	Экономиканың орталық күші машина жасау, химиялық және электротехникалық өнеркәсіпке ауысады, әлемдік шаруашылық қалыптасады (Батыс Еуропа, XIX ғасырдың соңы)
5.	Жаппай тұтыну кезеңі	Қазіргі заманғы капитализм, қоғам өндіруден тұтынуға және алауқаттылыққа ауысады, ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарлардың (тұрмыстық техника, автомобиль, электрондық техника, видеоорнатпа, т.б.) үлесі артады, бала туу саны артады, жоғары білікті және техникалық жоғары деңгейде жабдықталған жұмысшы қалыптасады
Ескерту: қолданылған әдебиеттің негізінде автормен құрастырылған [9]		

XX ғасырдың соңына қарай индустриалды қоғамның орнын постиндустриалды қоғам ығыстыра бастады.

2-кесте. Д. Белл әдістемесі бойынша инновациялық дамудың кезеңдері

№	Даму кезеңі	Сипаты
6.	Индустриалды дәуірге дейінгі кезең	шаруашылық қызметтің өндіруші түрлеріне негізделді: – жер өңдеу, балық аулау, пайдалы қазбаларды игеру, т.б.; – бұл кезеңге адам мен табиғаттың өзара әрекетіне негізделген және маманданбаған физикалық еңбек тән; – негізгі ресурс – жер; – негізгі субъект – жер иеленуші.
7.	Индустриалды кезең	– ең алдымен өңдеуші сипатқа ие; – тауарларды жаппай өндіру үшін энергия мен технологияны қолдану арқылы дамыған фабрикалық өндіріспен сипатталады; – еңбек адамның жасанды табиғатпен, яғни машиналармен әрекеттесуімен, анықталады; – негізгі ресурс – капитал; – негізгі субъект – кәсіпкер-капиталист.
8.	Постиндустриалды кезең	– Алдыңғы кезеңде қалыптасқан экономика салалары сақталып дамиды, бірақ шаруашылықтың сервистік (қызмет көрсету) салалары басым болады: сауда, транспорт, қаржы, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, т.б. бұл қызметтер жоғары мамандандырылған күрделі еңбектің нәтижесі болып табылады. Тұрмыс қалпы адамдардың өзара әрекеттесуімен сипатталады; – негізгі ресурс – ақпарат; – негізгі субъект – ғалым.
Ескерту: қолданылған әдебиеттің негізінде автормен құрастырылған [9]		

Постиндустриалды қоғамның әр түрлі теорияларына ғылым мен технологиялардың ерекше орнын мойындау тән болып табылады.

Экономиканың өсуі саласында зерттеулер жүргізген ғалымдар адамзаттың дамуының барлық кезеңінде оның дамуының қозғаушы күші инновациялар болғанын атап өтеді.

Эволюциялық негіздегі инновация ұғымын қарастырсақ, инновацияның қазіргі заманғы теориясы 6 кезеңді бөліп көрсетеді (1-сурет).



1-сурет. «Инновация» ұғымының даму кезеңдері

Ескерту: қолданылған әдебиеттің негізінде автормен құрастырылға [9]

1. Инновацияның классикалық теориясы. Адам Смит 1776 жылы жарық көрген «Ұлттардың байлығы» («The Wealth of Nations») атты монографиясында инновацияның маңызын келесідей тұжырымдаған: «Капитализмнің ұйымдастыру механизмі тек қана нарықтық жүйе (сұраныс пен ұсыныстың қатынасы) емес, сонымен бірге бағаны түсіріп, сапаны жақсарту арқылы ұдайы артатын қажеттіліктерді қанағаттандыруға мәжбүрлейтін, сонымен бірге бұны ең тиімді жолмен, яғни жаңа технологияларға көшу және инновациялардың көмегімен, жүзеге асыратын бәсеке де болып табылады» [3, 145 б.].

Инновациялар теориясының негізін қалаушы ретінде экономикалық прогрестегі негізгі жаңалық енгізуші (новатор) деп кәсіпкерді тұжырымдаған Йозеф Шумпетер мойындалады. Й. Шумпетер инновацияны өндіріс факторларының ғылыми-ұйымдастырушылық кәсіпкерлік рухпен ынталандырылған үйлесімі деп анықтаған. Инновацияның кәсіпкерлік қолданысының мысалы ретінде теміржол құрылысының, электр энергиясының өндірісінің, автомобиль шығарылымының бастауын көрсеткен болатын.

1939 жылы жарық көрген Й. Шумпетердің «Экономикалық циклдер» еңбегінде инновациялық үдерістер және олардың ерекшелік сипаты зерттелді. Мұнда жаңашылдық ұғымы тауар өндірумен қоса оларды өндіру үшін жаңа шикізат пен материалдарды қолдану және игерілмеген нарыққа тауар өткізуге қатысты болып табылады. Бұл үдерісте кәсіпкердің өзіне, оның кәсіпкерлік қабілетіне баса назар аударылады.

2. Ұзын толқындар теориясы. Н.Д. Кондратьев үлкен циклдарды қарастырды және оларды өндірістің технологиялық негізінің түбегейлі өзгеруі және оның құрылымдық қайта құрылуымен түсіндірді. Дегенмен Н.Д. Кондратьевтің нақты инновацияны зерттемегенін атау қажет,

бірақ оның идеялары Й. Шумпетердің инновациялық тұжырымдамаларына әсер етті. Нәтижесінде Й. Шумпетердің «Экономикалық циклдер» еңбегінде инновациялық үдерістер мен экономиканың циклдің дамуын қарастырып, олардың өзара байланысты жүйе екенін тұжырымдаған.

3. Неоклассикалық теория. Бұл арада инновация дамудың катализаторы ретінде қарастырылды. Инновацияның неоклассикалық теориясының жақтаушылары инновация өндірістің жаңа әдістерінен туындайды деп пайымдайды. Сонымен қатар инновацияның қайнар көзі ретінде тасымалдаудың жаңа әдістері, жаңа тұтыну тауарлары, өнеркәсіптің әр түрлі саласындағы жаңа басқару шешімдері бола алатынын атады. Сонымен қатар, экономиканың циклдік дамуын жоққа шығармады.

4. Жеделдету теориясы. Бұл кезеңде ұзын толқындар теориясының басымдығы орын алды. Бұл мектептің ерекшелігі – кәсіпкерліктің даму мәселесін жеке қарастыру болып табылады. Жедел даму теориясында компьютерлік технологиялардың, бағдарламалық қамтамасыз ету мәселелері өзектілікке ие болды.

5. Технологиялық даму. Ұзын толқындардың басымдығы сақтала отырып, шеңберінде инновация мәселелеріне қатысты экономикалық ойлардың заманауи бағыттарының қалыптасуы тұрғысынан талдады технологиялық жаңашылдық мәселелері маңыздылыққа ие болды.

6. Әлеуметтік теория. Бұл мектептің жақтаушылары экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде адам капиталын қарастырады, инновациялық үдерісті басқарудағы адамның рөліне баса назар аударады.

Неоклассика (мейнстрим):

- экономикалық өсудің экзогенді теориясы, эндогенді немесе экономикалық өсудің «жаңа» теориялары;
- неоклассикалық модельге білім мен адам капиталы параметрлерін енгізу;
- нарық құрылымы мен оның шоғырлануының инновациялармен байланысын талдау.

Эволюциялық бағыт:

- Нельсон мен Уинтердің эволюциялық теориясы;
- Шумпетериандық бәсеке теориясы;
- өмірлік циклі және ұзын толқындар теориясы;
- институттардың байланысы мен инновацияға бейімділігі.

2-сурет. Инновация мәселелеріне қатысты экономикалық ойлардың заманауи бағыттарының қалыптасуы

Ескерту: қолданылған әдебиеттің негізінде автормен құрастырылған [8]

Нәтижелер мен талқылаулар. Негізінен, Шумпетерлік бағыттың инновациялық теориядағы орнын эндогенді өсудің неоклассикалық

теориясы, экономикалық өсудің жаңа теориясы, неомаршаллдық кластерлік әдістеме, жүйелі институционалды әдістемеді көрініс тапқандығы дәлелдейді.

Қазіргі заманғы неошумпетерлік ағым циклдер теориясы мен эволюциялық экономикалық теорияны, құрылымдық-институционалды, инновациялық жүйелер тұжырымдамалары мен инновацияны басқаруды қамтиды.

3-кесте. Н. Кондратьев, С. Кузнец, П. Сорокин және Ю. Яковец әдістемелеріне сәйкес инновацияның түрлері

№	Инновация түрі	Сипаты	Мысалы
1.	Капитал үнемдеуші инновация	Капиталды үнемдеуге бағытталған.	Бұл инновацияларға қажеттілік арзан жұмыс күші артық, бірақ орта мерзімді, сәйкесінше тәуекелді, ғылыми бағдарламаларға инвестициялар тартуға капитал жеткіліксіз болатын кемірек дамыған мемлекеттерде байқалады.
2.	Еңбек үнемдеуші инновация	Өсетін еңбек ақы кәсіпкердің пайдадан тыс қаражаттан арылтатын және пайданың көп бөлігін алатын жағдайда енгізіледі.	Еңбек ақы деңгейі, бастапқы шығындар және салықтар жоғары және экономиканың ұтылыста болуы, соның салдарынан өндіріс көлемінің төмендеуі мен жұмыссыздықтың артуы тән елдерде қолданылады.
3.	Технологиялық инновация	Өндірілетін тауарлар қызметтердің немесе осы тауарлар мен қызметтердің өндірісінде қолданылатын технологиялардың ассортиментін	Өндірістің тиімділігін арттыру, техника моделін, өндірістің технологиялық әдістерін ауыстыру әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру, тауарлар мен қызметтер нарығын жаңарту.
4.	Экологиялық инновация	Табиғи ресурстарды рациональды, үнемді пайдалануға бағытталған.	Табиғи ресурстардың өндірісін тиімді әдіспен жүзеге асыру, қоршаған ортаға түсетін зиянды қалдықтарды азайту.
5.	Экономикалық инновация	Ұйымдастырудың, мамандандырудың, кооперация құрудың, шоғырландырудың, өндірісті әртараптандырудың, еңбекті ұйымдастырудың, тиімді нысандарын қолдануға бағытталған.	Жаңа қаржы-несиелік институттарды, құнды қағаздарды, экономикалық үдерістерді басқару, олардың динамикасын және өзгеруін болжаудың тиімді әдістерін қолдану.
6.	Мемлекеттік-құқықтық инновация	Мемлекеттік институттар арқылы жүзеге асырылады.	Парламенттік, сайлау немесе мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты инновациялық ұйымдастыру түрлерін енгізу.
Ескерту: қолданылған әдебиеттің негізінде автормен құрастырылған [5]			

Герт-Ян Хосперс 2005 жылы жарық көрген «Йозеф Шумпетер мен оның инновациялық зерттеулердегі мұрасы» атты еңбегінде Й. Шумпе-

тердің зерттеу нәтижелерін неоклассика, эволюциялық экономика-лық теория мен политология

Герт-Ян Хосперстің талдауына сәйкес инновация мәселелеріне қатысты экономикалық ойлардың заманауи бағыттарының қалыптасуы келесідей:

– неоклассика (мейнстрим) – экономикалық өсудің экзогенді теориясы, эндогенді немесе экономикалық өсудің «жаңа» теориялары, неоклассикалық модельде білім мен адам капиталы параметрлерін енгізу, нарық құрылымы мен оның шоғырлануының инновациялармен байланысын талдау;

– эволюциялық бағыт – Нельсон мен Уинтердің эволюциялық теориясы, шумпетериандық бәсеке теориясы, өнімнің және фирма мен саланың өмірлік циклі теориясы, ұзын толқындар теориясы, институттардың байланысы мен инновацияға бейімділік, инновациялық фирмаларды қалыптастыру факторлары, ұлттық инновациялық жүйе.

Қазіргі уақытта компаниялар тұтынушыларды тарту үдерісінде маңызды фактор ретінде инновацияларды қолданады. Инновациялық жолмен экономиканың дамуы теориясының негізінде «инновация» немесе жаңалық енгізу ұғымы жатыр, яғни адам қызметінің әр түрлі саласында жаңа әдістерді, осы қызметтің тиімділігін арттыратын элементтерді енгізу жатыр. Инновацияға кең мағынадағы түсініктемені Б.А. Райзберг пен Л.Ш. Лозовский береді. Олардың анықтамасына сәйкес, «инновация» деген – технология, техника, еңбекті ұйымдастыру және басқару саласында ғылымның жетістіктерін қолдануға негізделетін жаңалықты енгізу және де осы жаңалықты әр түрлі сала мен қызмет аясында қолдану болып табылады.

К.Р. Макконнелл мен С.Л. Брю «инновация» ұғымын өндіріске жаңа өнімді қосу, жаңа өндірістік әдістерді енгізу немесе кәсіпкерлікті ұйымдастырудың жаңа нысанын қолдану деп түсіндіреді.

4-кесте. Дүниежізілік Банк әдістемесіне сәйкес индустриалды-инновациялық даму теориясының әдістемелері

№	Сипаттама	Шоғырландыру теориясы	Сіңіріп алу теориясы
1.	Мерзімі:	1960-1990 жж.	
2.	Елдер:	Оңтүстік Шығыс Азия елдері	
3.	Нәтиже:	Кедей елдер қатарынан жоғары табысты елдерге қосылды	
4.	Факторы:	Қорланым мен инвестициялар. Қарқынды экономикалық өсу инвестициялық серпілістің нәтижесінде орын алды	Кәсіпкерлердің жаңа дағдыларды алуы, өнімділікті арттыру, инновацияларды енгізу, оқыту
5.	Айырмашлығы:	Экономикалық даму негізгі қорға инвестиция тартуды жоғары қарқынмен жүзеге асыруды негізгі себеп ретінде түсіндіреді	Экономикалық даму материалдық емес активтерге (адам капиталы, ғылым, технологиялар, т.б.) инвестиция тартуды жоғары қарқынмен жүзеге асыруды негізгі себеп ретінде түсіндіреді
Ескерту: қолданылған әдебиеттің негізінде автормен құрастырылған [5]			

Ю.В. Яковец инновациялар теориясының қалыптасуы мен дамуындағы үш кезенді атап көрсетті:

– инновация теориясының фундаменталды негізінің қалыптасуы (XX ғасырдың бірінші 1/3 бөлігі);

– алдыңғы кезеңдегі негізгі инновациялық ойларды дамыту және нақтылау кезеңі (XX ғасырдың екінші 1/3 бөлігі);

– постиндустриалды қоғамның қалыптасуы кезеңіндегі саны артқан инновациялармен байланысты жаңа теориялық серпін (XX ғасырдың 70-жылдарының ортасынан басталады).

Шетелдік зерттеушілер Э.Дж. Долан, Я. Корани, П. Хейне, П.Ф. Друкер, Н.Г. Менкью, Г. Хоскинг, И. Шумпетер, В. Леонтьев және т.б. өндірістік сферадағы кәсіпкерліктің инновациялық сипатын бейнелейтін экономикалық қатынастардың қазіргі заманғы теориясын дамытты.

Н. Кондратьев, С. Кузнец, П. Сорокин және Ю. Яковец инновация теориясына инновацияның қарқыны, уақыт бойынша сипатын түсіндіре отырып, түрлерін айқындау бойынша үлесін қосты (4-кесте).

Инновациялық экономика – жаңа өнімді жасап шығарудың көзі инновация болатын постиндустриалды қоғамның экономикасы.

«Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 534-IV Заңының 1-бабының 4)-тармақшасына сәйкес «индустриалды-инновациялық қызмет – еңбек өнімділігін арттыру және экономиканың басым секторларын дамытуды ынталандыруды қамтамасыз ету мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етілуін ескере отырып, индустриалды-инновациялық жобаларды іске асыруға немесе отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға жылжытуға байланысты жеке немесе заңды тұлғалардың қызметі» болып табылады.

Инновациялық дамуға көшу қазіргі заманғы ұлттық экономикалардың дамуының басым және негізгі бағыты болып табылады.

XX ғасырдың 60-жылдарында жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ) басқа дамушы елдерден ерекшеленіп шықты. ЖИЕ қатарына Азия мен Американың экономикалық өсудің жоғары қарқынымен сипатталатын бірқатар елдері жатады. ЖИЕ-нің қалыптасуында 4 кезеңді бөлуге болады.

Бірінші кезеңде Оңтүстік-Шығыс Азия (Гонконг, Сингапур, Тайвань, Оңтүстік Корея) және Латын Америкасының үш елі (Аргентина, Бразилия, Мексика) әлеуметтік-экономикалық айтарлықтай жылдам ілгерілеулерге қол жеткізіп, тұрақты түрде экономикалық өсудің жоғары қарқынына ие елдермен теңесті.

Екінші кезеңде Малайзия, Таиланд және Үндістан қосылды, үшінші кезеңде – Кипр, Тунис, Түркия мен Индонезия, төртінші кезеңде – Филиппин мен Қытай қосылды. Бұл аймақтарды индустриалды, орнықты өсуші деп айтуға болады.

БҰҰ әдістемесіне сәйкес ЖИЕ қатарына қосудың келесі өлшемдері (критерий) бар:

1. Жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі;
2. Жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемінің орташа жылдық қарқыны;
3. ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі (20%-дан кем болмауы керек);
4. Өнеркәсіп өнімдерінің экспорттағы үлесі;
5. Шетелдік тікелей инвестициялардың көлемі.

Сонымен қатар ЖИЕ-ге динамикалық макроэкономикалық және салаишілік құрылымдық ілгерілеу, олардың жоғары өсу қарқыны, жұмыс күшінің жоғары кәсіби біліктілігі, халықаралық еңбек бөлінісіндегі белсенді қатысуы, шетелдік капиталды кең қолдануы сипатты болып келеді [5].

ЖИЕ-дің экономикасын қайта құру келесі аспектілерге негізделген:

- сыртқы нарыққа бағыттала отырып, жаңа ғылыми-техникалық жетістіктердің негізінде Инновациялық;
- ел ішіндегі білімнің жалпыға қолжетімді және деңгейінің жоғары болуы;
- шетелдік капиталды максималды қолдану. ЖИЕ-нің пайда болуына себеп болған факторларды шартты түрде сыртқы және ішкі деп топтастыруға болады.

Сыртқы факторлар:

1. Саяси, экономикалық фактор.
2. Экономиканы құрылымдық қайта құру (өнеркәсібі дамыған елдерде 50-60 жж. ГТР нәтижесінде басталған болатын) арқылы ТҮК дамыған нарықтардан дамушы нарықтарға шығуы.

Ішкі факторлар:

1. Саяси тұрақтылық және дамыған капиталистік мемлекеттерге лоялды саяси режим (инвестициялық қолайлық жасау).
2. Соңғы нәтижеге қол жеткізу тұрғысынан өнімді экономикалық стратегия (бірте-бірте импорт алмастыру, экспортқа бағыттау, жеке ғылыми-зерттеу базасын қалыптастыру).
3. Өндірістік күштерді, яғни өндіріс құралдарын және адамды қоғамның негізгі өндірістік күші ретінде дамыту (негізгі құралдарды жаңарту).
4. Нарықтық механизм мен мемлекеттік реттеудің тиімді үйлесімі.
5. Дәстүрлі саясатқа қайшы тиімді табыстар саясаты (табысты әділетті бөлу, табыстағы теңсіздікті жою).

ЖИЕ-нің бірыңғай сыныптамасы қалыптаспағанмен, кейбір авторлар клесі ЖИЕ-ні топтарға бөледі:

- «бірінші толқынның» ЖИЕ-і: Корей Республикасы, Сингапур, Тайвань, Гонконг («азиаттық жолбарыстар» немесе «азиялық айдаһарлар»), Аргентина, Бразилия, Мексика, Чили;
- «екінші толқынның» ЖИЕ-і: Малайзия, Тайланд, Үндістан, Түркия;
- «үшінші толқынның» ЖИЕ-і: Филиппин, Қытай, Қазақстан.

ЖИЕ экономикаларының дамуының екі негізгі моделін атап өтуге болады: Азиаттық модель: экономикадағы мемлекеттік меншіктің үлесі елеусіз, бірақ экономикалық үдерістерге әсер ету деңгейі жоғары, ұлттық мүдде халықаралық мүддеден жоғары, ұлттық экономика экспортқа, стратегиялық тұрғыда – ішкі нарыққа, бағыттталып дамиды. Жетістіктің негізгі себебі – ең алдымен білімге, ұлттық жинақтың жоғары деңгейі, экономикалық өсуге мемлекеттік ықпалдасуы, халықаралық өнеркәсіптік мамандану және кооперация болды.

Латын Америкалық модель: ұлттық экономиканың импортталмастыруға бағыттталып дамуы. Азиаттық ЖИЕ-ден айырмашылығы импортты

ішкі өндіріспен алмастырумен іске асырды. Азиаттық моделдегідей мемлекет маңызды рөл атқарды.

Қорытынды. Нарықтық ортада индустриалды даму барысында жаңа бәсекелік жағдайлар пайда болады, бұл шарттар бәсекенің жалпы векторын салыстырмалы ұлттық артықшылықтарды қолданудан динамикалы түрде өзгертін бәсекелік артықшылықтарға өзгертіп отыр, бәсекелік артықшылықтар ғылыми-техникалық жетістіктерге, өндірістік циклдың барлық сатыларында инновацияның болуына негізделеді. Елдегі салыстырмалы және бәсекелік артықшылықтардың интеграциясы ғаламдық экономикалық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді.

Бәсекелік артықшылықтардың барлық жиынын шартты түрде үш топқа бөлуге болады: ресурстық – ерекше сапаға немесе мөлшерге ие ресурсқа ие болу (табиғи, еңбек, инвестициялық, т.б.); операционды – бар ресурстарды қолдану тиімділігі немесе деңгейлік сипат (инфрақұрылымдық, инвестициялық орта, ғылыми-техникалық, білімі, т.б. орта); стратегиялық – бәсекелік артықшылық субъектісін дамытудың анықталған стратегиясы мен осы стратегияның сапасы (бәсекелік орта, әлеуметтік-мәдени, инновациялық, ақпараттық, ғаламдық).

Дамудың қазіргі сатысында артықшылықтардың түрлері ресурстықтан стратегиялыққа күрделенуде және соңғылары маңыздырақ болып келе жатыр. Бәсекелік күрес барлық деңгейлердегі стратегиялардың күресіне айналып бара жатыр, ал стратегиялық құраушы (компонента) бәсекеге қабілеттіліктің негізгі сипаттамасына айналып келе жатыр.

Экономикалық бәсекеге қабілеттілік концепцияларының ішінде атап өтетіні:

а) кластерлік концепция, оның шегінде түрлі салалардың фирмаларының бірігуі жүзеге асады, мұнда бұл бірігудің ішкі ресурстарды тиімділі қолдану қабілеті принципіалды маңызға ие болып табылады. Осылайша бәсекелік орта жетіледі, кәсіпкерлік орта жақсарады, өндірістің табыстылығы артады, халықты жұмыспен қамту мәселесі шешіледі, интеграциялық әлеует (потенциал) күшейтеді;

б) бәсекеге қабілеттілік әлеуетінің жинақталу концепциясы, бұл концепцияға сәйкес елдер бәсекеге қабілетті дамудың 4 сатысынан өтеді. Алайда аталған сатыларға инфрақұрылымдық және ақпараттық сатыларды қосу орынды болады деп ойлаймыз, себебі олар экономиканың әр түрлі даму деңгейінде бәсекенің сәттілігінің критикалық факторын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді;

в) бәсекелік дамудың екі жолы концепциясы (жоғарғы жол – әлемдік білім мен технологияны жеделдетіп игеру, өзіміздің ҒЗТҚЖ мен инновациялық өндірісіміз арқылы бәсекеге қабілеттілік пен экономикалық өсу, төменгі жол – өндіріс шығындарын азайту және өзіміздің төмен бәсекелі өнімімізге бағаны төмендету арқылы бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу);

г) «кеңістіктік даму» концепциясы, ауқымды ұғыммен қызмет етеді: территориялды, аймақтық кеңістік, локализация зоналары, кеңістіктік факторлар мен координаталар, даму поюстері мен дәліздері, кеңістіктік коммуникациялар (стратегиялық жоспарлаудың қалыпты жабдықтарын (инструментарий) кеңейтеді);

д) ғаламдық даму концепциясы, бұл концепцияның шегінде ел үшін жеке ғаламдық позициялық негізгі бағыттарын дайындау қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов / пер. с англ. В. Афанасьева. – М.: «Эксмо», 2007. – 960 с.
2. Marshall A. The economics of industry. – Электронная книга. // http://books.google.ru/books/about/The_Economics_of_Industry_by_Alfred_Mars.ht m?hl=ru&id=tkleAAAAIAAJ
3. Хайек Ф. Цены и производство (Prices and Production) / пер. с англ. – Челябинск: Соцуим, 2014. – 199 с.
4. Чемберлин Э. Теория монополистической конкуренции (Реориентация теории стоимости) / пер. с англ. Э. Г. Лейкина и Л. Я. Розовского. – М.: Экономика, 1996. – 351 с.
5. Трофимова Т.С, Крайнов Г.Н. История и суть теории Леонтьева «затраты-выпуск» // IV Международная студенческая электронная научная конференция «Студенческий научный форум». – Чебоксары, Россия, 2018 // <http://www.rae.ru/forum2018/279/1845>
6. Довбенко М.В., Осик Ю.И. Современные экономические теории в трудах нобелиантов. Теория промышленной организации. – Научн. электр. библ. – Издательство Российской Академии Естествознания, 2017 // <http://www.monographies.ru/129-4220>
7. Тироль Ж. Рынки и рыночная власть: Теория организации промышленности / пер. с англ.; под ред. В. М. Гальперина и Л. С. Тарасевича. – СПб.: Экономическая школа, 1996. – 745 с. // <http://www.twirpx.com/file/765290/>
8. Хей Д., Моррис Д. Теория организации промышленности / пер. с англ.; под ред. А.Г.Слущкого. – СПб.: Экономическая школа, 1999. – 384с. // <http://seinst.ru/page241/>
9. Мусаелян Л. А. Марксово учение об историческом процессе и теория постиндустриального общества // Философия и общество. – Вып. № 2 (39). – 2015 // <http://www.socionauki.ru/journal/articles/126762/>

К.Б. Дауылбаев¹, доктор экономических наук, профессор

Д.Ы. Ондаган², магистрант

^{1,2} Алматинский Технологический Университет, г. Алматы, Казахстан

Проблемы конкурентоспособности национальной экономики в инновационном развитии Республики Казахстан

Аннотация. Казахстан ставит перед собой такие задачи в области организации промышленного развития, как создание на практике уникальной национальной инновационной системы, способной обеспечить конкурентоспособность как производственно-экономическое понятие. Решение этих задач закладывает базовые основы предстоящих экономических и технологических усилий государства, фундамент развития конкурентоспособной экономики. Происходящие в мире глобальные и интеграционные процессы предопределили способность к созданию

и практическому использованию инноваций, ориентированных на необходимость достижения качественного экономического роста. В частности, для индустриально развитых стран инновации становятся важным фактором конкурентоспособности национальной экономики. Только конкуренция порождает инновации, заставляет частные предприятия искать лучшие технологические решения, обновлять продукцию. Такие условия требуют коренной перестройки в инновационной среде на основе постоянно проводимых инновационно-технологических прогнозов, использования новых механизмов производственно-экономического управления. В этой связи необходимо действенное создание национальной инновационной системы на основе институционального опыта развитых стран. Данная макала посвящена исследованию применения Казахстаном мирового опыта по преодолению факторов экономической инновационной конкуренции. В статье выявлены проблемы конкурентного развития национальной экономики в условиях инновационного развития Республики Казахстан, предложены механизмы и пути их решения, систематизированы факторы развития инновационной конкуренции.

Ключевые слова: инновационная конкуренция, экономическая категория, стадии инновационного развития, индустриально-инновационное развитие.

K. Dauylbaev¹, Doctor of Economic Sciences, professor

D.Y. Ondagan², undergraduate

^{1,2} Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Problems of competitiveness of the national economy in the innovative development of the Republic of Kazakhstan

Abstract. Kazakhstan sets itself such tasks in the field of industrial development organization as creating in practice a unique national innovation system that can ensure competitiveness as a production and economic concept. The solution of these tasks lays the basic foundations for the upcoming economic and technological efforts of the state, the foundation for the development of a competitive economy. The global and integration processes taking place in the world have predetermined the ability to create and use innovations focused on the need to achieve high-quality economic growth. In particular, for industrially developed countries, innovation is becoming an important factor in the competitiveness of the national economy. Only competition generates innovation, forces private enterprises to look for the best technological solutions, to update products. Such conditions require a radical restructuring in the innovation environment on the basis of constantly conducted innovation and technological forecasts, the use of new mechanisms of production and economic management. In this regard, it is necessary to effectively create a national innovation system based on the institutional experience of developed countries. This makala is devoted to the study of the application of Kazakhstan's world experience in overcoming the factors of economic innovation competition. The article identifies the problems of competitive development of the national economy in the conditions of innovative development of the Republic of Kazakhstan, suggests mechanisms and ways to solve them, systematizes the factors of development of innovative competition.

Keywords: innovative competition, economic category, stages of innovative development, industrial and innovative development.

К.С Искакова¹, кандидат физико-математических наук,
и.о. доцента, доктор PhD

А.Б. Балабекова², магистрант, Высшая школа экономики и бизнеса
^{1,2} Казахский университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ВЛИЯНИЕ КОРПОРАТИВНОГО ПОДОХОДНОГО НАЛОГА НА СНИЖЕНИЕ НАЛОГОВОГО РИСКА В РЕЗУЛЬТАТЕ НАЛОГОВО- ГО ПЛАНИРОВАНИЯ

Аннотация. Актуальность статьи выражается в том, что независимо от формы собственности и вида деятельности, каждая компания сталкивается с необходимостью платить налоги, что при неграмотном подходе отрицательно сказывается на результатах ее финансовой деятельности. Именно поэтому, необходимо проводить оптимизацию налоговых отчислений предприятия, что позволит сделать доходы максимальными, а налоги минимальными, не вступая в противоречия с законодательством. Рассмотрение вопросов, связанных с данной тематикой носит как теоретическую, так и практическую значимость. Распределение дохода является, с одной стороны, внутренним делом организации, с другой стороны, регулируется государством с помощью механизма налогообложения корпоративным подоходным налогом. В связи с этим перед организациями встала необходимость в создании налогового учета и контроля правильности осуществления расчетов КПП таким образом, чтобы с одной стороны выполнить требования законодательства, с другой – минимизировать обусловленные этим затраты. Многие вопросы, возникающие в реальных хозяйственных операциях при учете налоговых платежей, их исчисление не имеют ответов из-за не совершенствования методологической базы налогообложения, так как требования налогового и бухгалтерского учетов часто не совпадают, а происходящие изменения в налогообложении практически не затрагивают порядок отражения в учете налоговых платежей.

Ключевые слова: КПП, налоговое планирование, налоговый учет, экономические интересы, финансовая деятельность.

Введение. В процессе перехода нашей страны к рыночным условиям хозяйствования проблема экономических интересов предстала перед исследователями с новой стороны. Если ранее считалось, что первичными являются интересы государства (причем не только экономические), то в современном Казахстане приоритет отдается интересам хозяйствующих субъектов. В связи с этим возникает необходимость переосмыслить многие устойчивые представления об экономических интересах в нашем обществе, их содержании, видах, механизме взаимодействия и формах реализации.

Экономические интересы выступают главной движущей силой прогресса в экономике и лежат в основе системы экономического стимулирования производства. Отражая единство всех экономических потребностей, интерес, в отличие от потребностей, ориентированных на предметные це-

ли (потребность в хлебе, обуви, машине и т. д.), направлен на экономические отношения, на жизненные условия в целом. Поэтому интерес выступает как стимул деятельности субъекта экономики, определяя его хозяйственное поведение и поступки.

Специфика экономических интересов predetermined, с одной стороны, объективными условиями производства, с другой мерой осознания интереса субъектом экономики. Диалектическое взаимодействие двух сторон экономического интереса – объективной и субъективной приводит к тому, что экономический интерес выступает двигателем экономической жизни. Среди экономистов, к сожалению, нет пока единства в определении сущности экономических интересов. Их определяют, как осознанную потребность, целенаправленность на ее удовлетворение; мотив, стимул, побудитель к деятельности; отношение субъекта к самому себе. Общим для указанных и других определений экономических интересов является то, что речь идет о движущих силах, побуждающих субъектов экономических отношений к функционированию в воспроизводственном процессе.

Объективной и главной целью экономической деятельности субъектов общественных отношений является самовоспроизводство, постоянно возобновляемая жизнедеятельность в имеющейся социально-экономической системе. Эта цель (то есть интересы) объективна, но осознается и реализуется субъективно. Интересы формируются в результате воздействия общества на субъекты и постоянно реализуются в их деятельности в воспроизводственном процессе. Воспроизводство всех хозяйствующих субъектов осуществляется в процессе удовлетворения их потребностей, которые многообразны и сложны по своей структуре. Очевидно, что удовлетворение различных потребностей лежит в основе всех экономических интересов. Без удовлетворения общественно-нормальных действительных потребностей не может осуществляться воспроизводство отдельного работника на каждом предприятии и в целом в экономике.

При характеристике экономических интересов необходимо в максимальной мере учитывать их воспроизводственный аспект. Каждый интерес направлен на воспроизводство его носителя – отдельного человека, семьи, трудового коллектива, ведомства, региона или всего общества. Полная реализация каждого экономического интереса создает необходимые условия для расширенного воспроизводства соответствующего субъекта хозяйствования – носителя данного интереса [1].

В целом экономический интерес рассматривается как единство объективного и субъективного. Так, А.Г. Здравомыслов утверждает: «Интерес есть определенное единство объективного и субъективного. Объективным моментом интереса является положение субъекта, субъективным моментом – идеальные побудительные силы: желания, стремления, мотивы деятельности». Среди всех налогов, в той или иной степени влияющих на прибыльность компании самым важным является корпоративный подоходный налог. Поскольку объектом его обложения выступает доход предприятия. Чем меньше доход, тем меньше и сумма уплаченного корпоративного подоходного налога. Однако в интересах предприятия увеличивать свой доход и уменьшать свои налоговые обязательства, в связи с этим многие компании прибегают к неправомерному уклонению от уплаты КПП, что в итоге отрицательно сказывается. Следовательно, возникает прямая

зависимость между корпоративным подоходным налогом и экономическими интересами компании. Именно в налогообложении сталкиваются экономические интересы государства и предприятия: государство заинтересовано в достаточности средств для реализации задач экономической и социальной политики, а налогоплательщик – в минимизации налоговых сборов [2].

Как видим, экономические интересы их полярны. И от того, как через налогообложение будет найдена оптимальная граница изъятия, зависят не только уровень поступления налогов в бюджетную систему, но и степень уклонения налогоплательщиков от налогообложения, объемы теневого бизнеса, а также уровень налоговой культуры в обществе. Используя налоги как стимул (побуждение к действию), можно с помощью поощрения или введения ограничений оказывать воздействие на деятельность субъектов рынка через реализацию экономических интересов. Слияние взаимных интересов – государства и налогоплательщиков, в развитой экономике должно создать эффект оптимизации системы налогообложения, направленный на стимулирование налоговой базы – производства. Появление налогов непрерывно связано с образованием государства, так же, как и необходимость налогов предопределяется функциями государства. Налоги были и остаются основообразующим сеточникам доходов государственной казны. На ранних этапах развития человечества доходы и расходы государства носили сугубо натурально-вещественный характер. Далее по мере развития экономики, появление товарно-денежных отношений, налоги приобретают преимущественно денежный характер.

Экспериментальная часть. Каждый налог в отдельности или же в совокупности выполняет определённые функции, которые показывают, как реализуется назначение налогов как экономической категории и инструмента стоимостного распределения и перераспределения доходов.

Достаточно обширная категория, это классификация налогов в зависимости от носителя налогового бремени, в этом разрезе налоги могут быть прямые и косвенные. При прямом налогообложении субъектом выступает фактический носитель налогового бремени, т.е. уплата налога приводит к реальному уменьшению его имущества. В косвенном налогообложении субъект перекладывает свои обязательства по уплате налога, на другое лицо, выступающее в качестве конечного потребителя того или иного блага.

Роль подоходного налога в финансовой системе государства была предметом дискуссий среди трудов разных ученых разных эпох. Представители социально-политического направления считали прямой подоходный прогрессивный налог средством более справедливого распределения налогового бремени, а не источником пополнения казны. Эта позиция характеризует подход с точки зрения классовых интересов. Финансисты, трактующие подоходный налог с позиций фискальных интересов, не были едины в оценке его роли в финансовой системе государства. Г.И. Болдырев подводит итоги длительной дискуссии по этому вопросу.

Часть ученых-финансистов считали подоходный налог коррективом, необходимым дополнением к системе косвенных налогов. Большинство же исследователей смотрело на подоходный налог как на главный и необходимый элемент финансовой системы. Американский исследователь Э.

Селигман, изучив процесс развития прямого обложения, пришел к заключению, что подоходное обложение является последней и самой совершенной его формой: Неоспоримо, что подоходный налог отвечает гораздо более точно новым идеям о налоговой справедливости. Поэтому можно думать, что в течение некоторого времени все прямые налоги будут отменены, чтобы быть замещены единым подоходным налогом.

В налоговой системе Казахстана среди прямых налогов львиную долю занимает корпоративный подоходный налог (КПН). Значимость КПН для бюджета государства определяется относительно высокими ставками, по сравнению с другими видами налогов. Корпоративному подоходному налогу отводится важная роль в системе налогообложения. Несмотря на то, что его размер относительно ВВП не велик, он выступает весомым инструментом в руках государства для стимулирования деловой активности организаций.

В условиях современного развития рыночных отношений устойчивость организаций к воздействиям внутренних и внешних факторов является одним из определяющихся факторов их рентабельности, стабильности и экономического роста. В процессе ведения хозяйственной деятельности у компаний возникают обязательства по уплате налоговых платежей. Поэтому, все большее внимание уделяется влиянию налогов, в первую очередь КПН, на экономические интересы компании, среди которых выделяют результаты финансовой деятельности предприятий.

Что же подразумевает в себе термин «результат финансовой деятельности»? Ответ на этот вопрос, можно найти в трудах ученых экономистов. Так, доктор экономических наук О.В Ефимова, под финансовым результатом деятельности предприятия, понимая прибыль, в тоже время, отмечает, что «действительно конечный результат тот, правом, распоряжаться которым обладают собственники».

Г.В. Савицкая отмечает, что «финансовые результаты деятельности предприятия характеризуются суммой полученной прибыли и уровнем рентабельности»: «прибыль – часть чистого дохода, который непосредственно получают субъекты хозяйственной деятельности после реализации продукции, работ или услуг».

И.А. Бланк, анализируя финансовые механизмы управления формированием операционной прибыли, характеризует балансовую прибыль как «один из важнейших результатов финансовой деятельности предприятия».

Обобщив вышеизложенные понятия, вытекает общее определение финансовых результатов. Под финансовым результатом, подразумевается обобщающий показатель анализа и оценки эффективности или неэффективности деятельности хозяйствующего субъекта за определенные промежутки времени.

Факторы, влияющие на итоги финансово-хозяйственной деятельности можно разделить как минимум на две категории: внешние и внутренние.

Внутренние факторы, образуются за счет множества показателей: это могут факторы, обусловленные политикой организации, связанные с организационно-правовой формой собственности, со спецификой производства или отрасли.

В свою очередь внешние факторы не зависят от деятельности самой организации, но при этом оказывают существенное влияние на темпы ро-

ста прибыли и рентабельность компании. Одним из внешних факторов, оказывающих значительное влияние на результаты финансово-хозяйственной деятельности, является налоговое бремя.

Sub-account 1261 "Short-term receivables of employees for reporting amounts" includes settlements with persons reporting advances on travel expenses to them for the payment of expenses that are not carried out at the expense of budget funds using cashless payments and corporate payment cards [3]. Advance reporting is provided only to persons working in this public institution at the discretion of the head. When submitting the amount to the reporting, the accounting staff shall make a note that the person responsible for reporting on previous advances has no debt. The money transferred to the reporting may be used only for the purposes provided for in their submission. The persons responsible for the reporting shall submit a report on the expenditure of the advance amount by attaching documents confirming the expenses incurred. The documents attached to the advance account shall be numbered by the reporting person in the order of their recording. The employee is obliged to submit an advance report within five working days after returning

from a business trip. The unused balance of the advance must be returned by the reporting person no later than three working days after the submission of the advance report. Issuance of new advances to the reporting person can be made only upon return of the previously issued advance.

Persons who report on the use of funds from a current account on a corporate payment card shall submit an advance report with documents confirming the payments made using the corporate payment card.

In accounting, advance reports are checked arithmetically, as well as the correctness of the documents and the appropriate use of funds. The audited advance reports are approved by the head of the public institution.

Sub-account 1261 "Short-term receivables of employees on reporting amounts" is debited to the amount provided to reporting entities and the relevant sub-accounts of the sub-section "Cash and cash equivalents" of the Chart of Accounts are credited. The amount of the advance spent and the refunded balance of the credited amount to the credit of the sub-account 1261 "Short-term receivables from reporting amounts" and 1010 "Cash on hand", 7070 "Travel expenses", 7140 "Other operating expenses", 1310 "Materials" entries are made to the debit of the corresponding sub-account of the account.

Return of the unused balance of the advance of the reporting person is made in cash in tenge, the balance of the non-refundable amount in coins of the reporting person is taken into account in the subsequent calculation of the amount. In case of failure to submit advance reports on the expenditure of the reported amount in a timely manner or failure to return unused advance balances to the cashier, the public institution has the right to deduct this debt from the salaries of those who received advances in compliance with the current labor legislation. Salary is calculated once a month and reflected in the report on the last day of the month. Remuneration of employees of public institutions is made in the manner prescribed by the Rules of budget execution and cash services, approved by the Government of the Republic of Kazakhstan on February 26, 2009 № 220 [4].

In the first half of the month, employees may receive an advance in the amount of 50% of salary, from which the amount of taxes to be withheld in the manner prescribed by the tax legislation of the Republic of Kazakhstan is deducted. The amount of accrued wages shall be credited to sub-account 3241 "Short-term payables to employees" and debited to account 7010 "Payroll expenses", sub-account 8012 "Salary". The amount of wages paid is debited to sub-account 3241 "Short-term payables to employees" and credited to account 1010 "Cash on hand", 1080 "Scheduled assignments for commitments in accordance with the plan of individual financing of liabilities of public institutions financed from the national budget", 1090 "Local" Planned assignments for making commitments in accordance with the individual financing plan for the obligations of the public institution financed from the budget "to the corresponding sub-account, sub-account 1042" Paid services RBS ". The amount of wages not received in due time is credited to the sub-account 3243 "Short-term payables to employees on the deposited amount" and debited to the sub-account 3241 "Short-term payables to employees".

Sub-account 3243 "Short-term payables to employees on the deposited amount" is debited to the amount of wages paid to the depositor and account 1010 "Cash on hand", 1080 "Planned assignments for the obligations of public

institutions financed from the national budget in accordance with the plan of individual financing", 1090 "Local" The sub-account of the corresponding sub-account of the account "Planned assignments for making commitments in accordance with the plan of individual financing on the obligations of the public institution financed from the budget", the sub-account of the account 1042 "Paid services RBS". After the expiration of the claim period, the unclaimed amount of the deposit is recognized as other income on the basis of the inventory act, reference to the act and the Protocol of the inventory commission and debited to sub-account 3243 "Short-term payables to employees" and 6360 "Other income" on the credit of the account.

Results and discussion. In accordance with the requirements of the tax legislation of the Republic of Kazakhstan and the legislation of the Republic of Kazakhstan on pensions, the public institution makes the following deductions and deductions from salaries of employees: personal income tax – calculated in the following sequence: 3241 "Short-term payables to employees" sub-account debit and credit of sub-account 3121 "Short-term payables on personal income tax"; Mandatory pension contributions: debit of sub-account 3241 "Short-term payables to employees" and credit of sub-account 3142 "Short-term payables on pension contributions to accumulative pension funds". On the basis of a written application of the employee, the state institution makes the following deductions from the salaries of employees and employees with subsequent transfer: payment of party contributions: debit of sub-account 3241 "Short-term payables to employees" and 3248 "Other short-term payables to employees" sub-account credit; to pay trade union membership fees: debit of sub-account 3241 "Short-term payables to employees on wages" and credit of sub-account 3245 "Short-term payables on non-cash transfers of trade union membership fees"; to pay insurance benefits under insurance contracts: debit of sub-account 3241 "Short-term payables to employees on wages" and credit of sub-account 3248 "Other short-term payables to employees"; To repay a loan received from a bank in the manner prescribed by the banking legislation of the Republic of Kazakhstan: debit of sub-account 3241 "Short-term payables to employees" and credit of sub-account 3248 "Other short-term payables to employees".

Transfer of the amount of deductions 3121 "Short-term payables on personal income tax", 3142 "Short-term payables on pension contributions to accumulative pension funds", 3245 "Short-term payables on non-cash transfers of trade union membership fees", 3247 "Short-term payables to employees on non-cash transfers to bank deposit accounts" or by debiting the relevant sub-account 3248 "Other short-term payables to employees" and 1040 "RBS for accounting of receipts and settlements", 1080 "financed from the republican budget Planned assignments for acceptance of obligations of the state institution according to the plan of individual financing », 1090 « Planned assignments for acceptance of obligations according to the plan of individual financing of obligations of the state institution financed from the local budget » on the credit of the corresponding sub-account.

– by the order of the Minister of Finance of the RK of 30.10.2014 № 465.

The amount withheld from wages on writs of execution and other documents is debited to sub-account 3241 "Short-term payables to employees on wages" and credited to sub-account 3242 "Short-term payables to employees on executive documents". The amount transferred to the debit of the sub-account

3242 "Short-term payables to employees under executive documents" is recorded, including 1040 "RBC for accounting of receipts and settlements", 1080 », 1090« Planned assignments for making commitments in accordance with the plan of individual financing on the obligations of the public institution financed from the local budget », the corresponding sub-account is credited [5].

At the end of the reporting period, the public institution recognizes a provision for unused leave. The amount of the reserve is determined by recalculation of the amount of leave for unused days of leave as of December 31 of the current year. The amount of the leave reserve calculation shall be credited to sub-account 3246 "Short-term payables to employees on unused leave" and debited to account 7010 "Payroll expenses". Payment of leave to employees 3241 Debit of sub-account "Short-term payables to employees on wages" and 1010 "Cash on hand", 1042 "Paid services R&D" accounts, 1080 1090 "Planned assignments for making commitments in accordance with the individual financing plan for the obligations of the public institution financed from the local budget" are reflected on the credits of sub-accounts. Payment of leave to employees 3241 Debit of sub-account "Short-term payables to employees on wages" and 1010 "Cash on hand", 1042 "Paid services R&D" accounts, 1080 1090 "Planned assignments for making commitments in accordance with the individual financing plan for the obligations of the public institution financed from the local budget" are reflected on the credits of sub-accounts.

In case of insufficiency of the amount of the reserve created for unused leave, the leave is calculated by debiting the account 7010 "Payroll expenses" and crediting the sub-account 3241 "Short-term payables to employees". Based on the results of the inventory, the public institution shall recalculate the reserve at the end of the reporting period or write off the overstated amount of the reserve for leave: recalculation: debit to account 7010 "Payroll expenses" and credit to sub-account 3246 "Short-term payables to unused leave" Order of the Minister of Finance of the RK of 24.07.2012 № 348 (shall be enforced from 01.01.2013). Sub-account 3272 "Settlements related to withdrawal of cash from circulation" is used to indicate the amount of unpaid or overpaid money in the event of dismissal of the employee, completion of scholarship training, expiration of writs of execution and other documents due to withdrawal of cash from circulation. Amounts of unpaid wages, scholarship balances, indebtedness to the reporting person on the credit of the sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" and the sub-account 3241 "Short-term payables to employees", 3248 "Other short-term employees" Accounts payable "sub-account 3230" Short-term accounts payable to scholarship holders ". The amount of overpaid coins up to one tenge as a result of using the arithmetic method of rounding the amount of overpaid coins (rounded up to 50 tiyn less rounded; (50 tiyn and more rounded to the bigger round) 3241 "Short-term payables to employees", 3230 Short-term accounts payable to scholarship holders ", 3248" Other short-term payables to employees "sub-account credit and 3272" Settlements related to cash withdrawals "sub-account debit.

The balance on the credit of the sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" formed on the above payments in the form of the difference between the unpaid amount and the amount of overpaid money as a result of the arithmetic method of rounding the amount to one tenge

after the end of the year In this case, an entry is made on the debit of sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" and on the credit of sub-account 3133 "Short-term accounts payable on other transactions", when transferring it to the budget 3133 "Other operations" debit of the sub-account "Short-term accounts payable to the budget" and 1080 "Scheduled assignment for acceptance of obligations in accordance with the plan of individual financing on the obligations of the public institution financed from the republican budget 1090 "Planned assignments for making commitments in accordance with the individual financing plan for the obligations of the public institution financed from the local budget" on the credit of the relevant sub-account. The balance on the debit of the sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" is transferred to the next reporting period, transferring to the account 1280 "Other short-term receivables". Subsequent adjustment of the balance on the sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" is made taking into account the balance transferred to the account 1280 "Other short-term receivables".

– Order of the Minister of Finance of the RK of 24.07.2012 № 348 (shall be enforced from 01.01.2013).

Upon expiration of writs of execution and other documents, the balance of unpaid or overpaid money is credited to the sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" as a result of the arithmetic method of rounding the amount up to one tenge. At the time of dismissal or at the end of the reporting year, the balance of the amount debited to sub-account 1261 "Short-term receivables from reporting amounts" credited to employees in non-refundable tenge is deducted from his salary, while 3241 "Short-term payables to employees" The debit of the account and the credit of the sub-account 1261 "Short-term receivables of employees on reporting amounts" are made.

Conclusion. The amount of cash indebtedness of the public institution to the reporting responsible person is written off in the sub-account 3272 "Settlements related to the withdrawal of cash from circulation" in the event of termination, while the sub-account 1261 "Short-term receivables from reporting amounts" and 3248 "Other short-term receivables from employees".

REFERENCES

1. New opportunities for development in the conditions of the fourth industrial revolution. Address of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 10, 2018.
2. International Financial Reporting Standards for the Public Sector.
3. Order of the Minister of Finance of the RK of 24.07.2012 № 348 (shall be enforced from 01.01.2013).
4. Rules of budget execution and cash servicing, approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated February 26, 2009 № 220.
5. Order of the Minister of Finance of the RK of 30.10.2014 № 465.

А.Б. Білдебаева, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Бухгалтерлік есеп бойынша бюджеттік қызметкерлерімен есеп айырысу

Түйіндемe. Мақалада бюджеттік мекемелердегі төлемдерді есепке алу ерекшеліктері қарастырылған. Бюджеттік мекемелердегі жалақы есебін ұйымдастыру – еңбекақы төлеудің негізгі функцияларын және бір жағынан, сандық, сапалық (біліктілік, күрделілік, қарқындылық) және еңбек өнімділігі мен басқа да деңгейдегі төлемдер арасындағы байланысты жүзеге асыратын жұмыс берушілердің іс-қимылдарының жиынтығы. Еңбекақы төлеуді ұйымдастыру – бұл жұмысты ұйымдастыру бизнесін ұйымдастырудың маңызды бөлігі. Бұл әр елдің, ұйымның және жеке адамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі шешуші факторлардың бірі, сонымен қатар кез-келген ұйымның шығындар элементінің маңызды элементі. Лайықты жалақы экономикалық өсуге тауарлар мен қызметтерге сұранысты арттыру арқылы оң әсер етеді. Мемлекеттік ұйымның дебиторлық және кредиторлық қарыздары активтер мен міндеттемелерді тану критерийлері орындалған кезде актив немесе міндеттеме ретінде танылады. ҚСҚЕХС-на сәйкес төлемдер 19-шы Стандарт бойынша қызметкерлерге берілетін сыйақымен реттеледі. Осы стандартқа сәйкес: қызметкерлерге берілетін сыйақыларға мыналар кіреді: қызметкерлер мен қызметкерлерге жалақы және әлеуметтік сақтандыру жарналары, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы және еңбекке жарамсыздық парағы, еңбекақылар мен сыйлықақылар (егер мерзім аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде төленсе); (денсаулық сақтау, үй және көлік қызметтерін қоса алғанда, ақысыз немесе бір күнге), мысалы, сол кезде жұмыс істейтін жұмысшыларға қолма-қол ақшасыз төлемдер, немесе қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар.

Түйінді сөздер: еңбек ақы, ҚСҚЕХС, қаржылық есептілік, шоттар, дебет, кредит, стандарт, сыйақы.

А.Б. Бильдебаева, кандидат экономических наук, доцент
Казахский Национальный Женский Педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

Учет операций с сотрудниками бюджетных организаций

Аннотация. В статье рассматриваются особенности учета оплаты в бюджетных учреждениях. Организация учета заработной платы в бюджетных учреждениях представляет собой совокупность действий работодателей, которые выполняют основные функции оплаты труда и, с одной стороны, взаимосвязь между количественными, качественными (квалификация, сложность, интенсивность) и производительностью труда и другими уровнями оплаты труда. Организация выплаты заработной платы является важной частью организации бизнеса организации труда. Это один из ключевых факторов социально-экономической жизни каждой страны, организации и отдельного лица, а также важный элемент статьи расходов любой организации. Достойная заработная плата окажет положительное влияние на экономический рост за счет увеличения спроса на товары и услуги. Дебиторская и кредиторская задолженность государственного учреждения признаются в качестве актива или обязательства при соблюдении критериев признания активов и обязательств. Выплаты в соответствии с МСФООС регулируются стандартом 19 «Вознаграждения работникам». В соответствии с этим стандартом: Вознаграждения работникам включают в себя: заработную плату и взносы в систему социального обеспечения работников и служащих, ежегодный оплачиваемый отпуск и отпуск по болезни, заработок и премии (если они выплачиваются в течение 12 месяцев после окончания периода); (включая медицинское обслуживание, услуги по дому и транспортировке, бесплатные или на один день), такие как безналичные выплаты работникам, занятым в то время, или краткосрочные выплаты работникам.

Ключевые слова: заработная плата, IPSAS, финансовая отчетность, счета, дебет, кредит, норматив, вознаграждение.

Қ.Б. Дауылбаев¹, экономика ғылымдарының докторы, профессор
М.Е. Кудерина², магистрант

^{1,2} Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме. Мақалада Алматы облысы үшін инвестициялық климат пен қаржылық инвестициялардың перспективалары талданды. Инвестициялық процестің тиімділігін жандандыру және арттыру проблемалары бүгінде Қазақстан республикасының және оның өңірлерінің болашағы үшін маңызды мәнге ие. Бұл мақалада Алматы облысының инвестициялық тартымдылығы, сондай-ақ инвестициялық перспективалардың негізгі аспектілері мен факторлары талданды. Қазақстан республикасының экономикасына тартылған инвестицияларды талдау және шетел капиталы экономиканың бәсекелестігін арттырудың басты факторы болатындығын айқындалды, республиканың да көптеген жоспарлардағы дамуының тетігі болып табылады, қатынастардың бұл түрі экономикаға, одан әрі экономикалық және іскерлік ынтымақтастыққа оң әсер етеді. Инвестицияны зерттеу мәселесі оның негізгі түсінігі мен құрылымын, экономикалық ілім тарихындағы алатын орны мен инвестициялық процестің механизмі мен негізгі принциптерін талдауды көздейді.

Инвестиция – ел экономикасының үздіксіз, ұлғаймалы даму үрдісіне қатысатын құрамдас бөлігі, экономикалық өсудің негізгі локомотиві. Инвестиция көлемі мен елдің табысы бір-біріне тәуелді, ажырамас құбылысы. Инвестициялау процесін жетілдіру мен тартылған инвестициялардың тиімділігін арттыру – елдің приоритетті мақсаты. Инвестициялық процестің мағынасын жете түсіну үшін инвестицияларға экономикалық категория ретінде түсінік бере отырып, оның мән-мағынасын ашу қажет. Қазіргі таңда экономикалық әдебиеттерде «инвестиция» түсінігі түрліше тұжырымдалған.

Түйінді сөздер: өңірдің бәсекеге қабілеттілігі, инвестициялар, инвестициялық тартымдылық, инвестициялық әлеует, инвестициялық мәселе.

Кіріспе. Қазіргі заманғы экономика жүйесін ауыстыру кезеңінде, ішкі қаржыландырудың мүмкіндіктерінің шектеулі жағдайында, үкіметтің іс-әрекет бағдарламасы негізінде құрылымдық қайта қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін, сыртқы капиталды тарту және пайдалану проблемаларды өте маңызды орын алады. Республика экономикасын жетілдірудің негізгі мәселелері тек мемлекет иелігінен алу ғана емес, сонымен қатар, құрылымдық-инвестициялық өзгерістермен де тығыз байланысты, оның ірі және маңызды субъектісі мемлекет болып табылады. Осыған байланысты үкімет органдары алдында ұзақ мерзімдік инвестициялық бағдарлама жасау мәселесі туындайды. Инвестициялық құрылымдардың барынша шектелу жағдайына байланысты, оны жүзеге асыруда ұлттық приоритеттерді таңдаудың дәстүрлі мәселесі туындайды. Сондықтан, инвестициялық

ресурстардың белгіленген приоритетті буын-дарға дұрыс жетуін және олардың тиімді пайдалануына жауапкершілікті қамтамасыз ететін механизм қажет. Мысалы, Алматы облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатына сәйкес жаһандық нарыққа интеграциялану жағдайында аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және осының негізінде халықтың әл-ауқатын жақсарту туралы айтылып кеткен [1]. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін инвестициялық процестерді жандандыру қажет. Осыған байланысты өңір экономикасына инвестициялар тарту негізгі міндет болып табылады. Оны шешу үшін Алматы облысының әлеуетті инвесторлар үшін инвестициялық тартымдылығын арттыру қажет.

Өңірдің экономикасына инвестициялар тарту қолайлы инвестициялық ахуал жасау арқылы жүзеге асырылады. Өңірдің инвестициялық климаты – бұл қандай да бір аумақта жұмыс істейтін барлық немесе көптеген инвесторлар үшін ортақ, кәсіпкерлікті жүргізу және оның мақсаттарына қол жеткізу үшін мүмкіндіктер мен жағдайлар. Өңірлердің инвестициялық климаты туралы идея олардың инвестициялық әлеуетін бағалаумен тікелей байланысты, ол инвестициялау салалары мен объектілерінің болуы мен әртүрлілігіне, сондай-ақ олардың негізгі экономикалық сипаттамаларына байланысты инвестициялар үшін объективті алғышарттардың жиынтығынан тұрады. Оны әлеуетті инвесторлар үшін осы аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы неғұрлым ұтымды шешуге болады, яғни негізгі міндет – жеке жоба, тұтастай кәсіпорын, корпорация, қала, аймақ, ел ретінде әрекет ете алатын нақты инвестициялық объектіге қатысты инвесторды таңдауды алдын-ала анықтайтын инвестициялау үшін қажетті жағдайларды оңтайландыру [2].

Сараптамалық бөлім. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекет пен экономиканың кәсіпкерлік секторының күш-жігерін біріктіру, ғылым мен технологиялар саласына мемлекеттік емес және шетелдік капиталды тартудың қазіргі заманғы инвестициялық-қаржылық тетіктерін енгізуді жеделдету негізінде жүзеге асырылады.

Аймақтың инвестициялық тартымдылығы – бұл аймаққа капитал ағынын анықтайтын және инвестициялық белсенділікпен бағаланатын белгілердің жиынтығы (шарттар, шектеулер). Аймақтың инвестициялық тартымдылығы бір жағынан – аумақтың инвестициялық әлеуетімен, екінші жағынан ықтимал тәуекелдермен қалыптасады. Өз кезегінде, инвестициялық әлеует пен тәуекел-бұл факторлардың жиынтығы [3].

Зерттеулер көрсеткендей, Алматы облысында инвестициялық қызметті дамыту саясаты жүргізілуде, инвестициялық ағындардың оң динамикасы байқалады, перспективалық инвестициялық жобалар бар. Алматы облысының инвестициялық рейтингі мемлекеттің басқа өңірлерімен салыстырғанда орташа мәнге ие [4]. Бұған тек қолайлы географиялық жағдай, маңызды аумақтық және шикізат ресурстары, елеулі техникалық және зияткерлік әлеует, дамыған көлік және коммуникация жүйелері, сондай-ақ аумақтың рекреациялық әлеуеті ықпал етеді. Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, инвестициялық реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық базаға жүргізілген талдау және жалпы Қазақстан бойынша инвестициялық процестердің қалыптасқан даму үрдістерін

талдау нәтижесінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын төмендететін факторларды бөліп көрсетуге болады. Оларға мыналар жатады:

- инвестициялық қызметтің құқықтық инфрақұрылымының әлсіздігі;
- экономикалық өсу мен шағын және орта бизнестің дамуына жеткіліксіз жәрдемдесу;
- бастаманың және кәсіпкерлік мәдениетінің төмен деңгейі;
- инвестициялардың салалық құрылымындағы бұрмаланулар, онда инвестициялардың көп бөлігі экономиканың бір секторына бөлінеді, ал экономиканың басқа секторларына әлдеқайда аз;
- компаниялардың құқықтық және салықтық міндеттемелерінің үлкен көлемі;
- білім деңгейі жоғары еңбек ресурстарын ұтымсыз пайдалану;
- әкімшілік (бюрократиялық) кедергілер.

Алматы облысының 1988531 тұрғыны бар Алматы облысы, елдің ең үлкен аймақтарының бірі болып табылады. Әкімшілік орталығы – Талдықорған қаласы. Енді Алматы облысының жалпы экономикасына көз жүгіртейік. Өндірістік орталық ретінде Алматы облысы төмендегі 1–суреттегідей салаларын ойдағыдай дамыта алады:



1-сурет. Алматы облысының өндіріс түрлері

Ескерту: әдебиет көзінің негізінде жасалған [1]

Нәтижелер мен талқылаулар. Бірнеше жылдың ішінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінде ұрақты өсуі байқалып отыр. Облыстың жалпы өңірлік өнімі әр жыл сайын орташа есеппен 20%-ға өсуде және 2017 жылы 1459,40 млрд-қа жетті. Сонымен қатар, мемлекеттің жалпы ішкі өнімінде облыстың үлесі 4,5% құрайды.

Қазіргі кезде Алматы облысында 39 ірі және 93 орта өндірістік кәсіпорындар жұмыс істейді. Аймақтың өндірісі ауылшаруашылық өнімін өңдеу секторымен байланысты және 2015 жылы облыстың жалпы өндіріс көлеміндегі үлесі 56,4%-ға жетті.

Аймақтық кәсіпкерлік белсенді дамуда. Алматы облысында 12 жылда

КОБ белсенді субъектілерінің саны 3,6 есеге өсті: 30 мыңнан 1998 жылы 108 мыңға 2015 жылы. Кіші және орта бизнес субъектілерінің өндірістік өнімінің көлемі 1999-2015 жылдары 25 есеге көбейіп 472 млрд теңге құрады. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 49 жобаға мемлекеттік демеу көрсетілді, аймақтың 500 ден астам кәсіпкерлеріне бизнестің дамуына сервистік көмек көрсетілді. Ақырғы 13 жылда 1226 жаңа объектілер енгізілді, 32 мың жұмыс орнын жасады. Облыста 20 жыл Тәуелсіздікте 1,5 трлн теңге инвестиция жұмылдырылды.

Алматы облысының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті кеңейту.

Мемлекеттік билік органдары, бизнес пен халық арасындағы ынтымақтастықты дамыту қажет. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік инвестициялық процестерді дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Бұл тұрғыда мемлекет айтарлықтай ресурстарға ие серіктес қана емес, сонымен бірге инвестициялық өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушысы, реттеушісі және тапсырыс берушісі болып табылады.

Жеке капиталды пайдалану, оның ішінде шетелдік инвестициялар, инвестициялық келісімдерді іске асыруда мемлекеттік биліктің өңірлік органдарына аса маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді қосымша бюджеттік шығындарсыз шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Инфрақұрылымдық жобаларға жеке капиталдың қатысуын кеңейтудің басты шарттары мемлекеттік кепілдіктер беру және қолайлы іскерлік ахуалды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Жекелеген аумақтардың (аудандық құрылымдардың) даму ерекшеліктерін ескере отырып, өңірдің инвестициялық тартымдылығына мемлекеттік ықпал ету шараларының тиімді жүйесін қалыптастыру.

Алматы облысының аудандық құрылымдары әлеуметтік-экономикалық әртектілікпен сипатталады, бұл әрбір нақты жағдайда экономикалық тұтқалар мен ынталандырулардың белгілі бір жиынтығын пайдаланудың орындылығын алдын ала айқындайды. Аудандық құрылымдар инвесторлар үшін тартымды және тартымсыз болып шартты түрде бөлінген жағдайда аумақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін экономикалық тұтқалар мен ынталандырулар жиынтығын саралауға болады (1-кесте).

Аумақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін экономикалық тұтқалар мен ынталандыруларды саралау аймақтық биліктің негізгі экономикалық және саяси функцияларының бірі болып табылатын аймақтың экономикасын дамытуға бағытталған инвестициялық қаражатты, оның ішінде бюджетті неғұрлым барабар бағыттауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

3. Алматы облысының аумағында инвестициялық мегажобаларды іске асыру.

Мегажобалар – бұл түпкілікті өніммен өзара байланысты көптеген жобаларды қамтитын мақсатты инвестициялық бағдарламалар. Мұндай бағдарламалар халықаралық, мемлекеттік, өңірлік болуы мүмкін [2].

Өңірлік мегажобалар деп өңірге елеулі және ұзақ мерзімді әсер ететін аса ірі көлемдегі жобалар түсініледі. Мысалы, Алматы облысының аумағында кедендік-қоймалық, көліктік-логистикалық, сауда, ойын-сауық және т.б. кешендердің құрылысы бойынша инвестициялық мегажобаларды

іске асыру мүмкін. Сонымен қатар, Алматы облысы айтарлықтай туристік-рекреациялық әлеуетке ие екенін атап өткен жөн. Шетел халқы тарапынан рекреацияға сұраныстың жоғары өсу қарқынын ескере отырып, облыстың экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі туристік әлеуетті дамыту жөніндегі мегажобаларды іске асыру орынды.

1-кесте. Аумақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін экономикалық тұтқалар мен ынталандырулар

Аудандық құрылымдар	Инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін экономикалық тұтқалар мен ынталандырулар жиынтығы	Әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары
Инвесторлар үшін тартымсыз	Жалпы өңірлік мақсаттар мен міндеттерге бағдарлана отырып, шаруашылық жүргізудің нарықтық тетіктерінің аудандық құрылымдарында тиімді іс-қимыл жасау үшін жалпы экономикалық және басқа да алғышарттар мен жағдайлар жасау. Мемлекеттік реттеу шараларына қажеттілік, мысалы: <ul style="list-style-type: none"> – дотациялар; – субсидиялар; – салықтық несиелер мен жеңілдіктер; – арнайы қорлар құру арқылы қаржылық көмек көрсету. 	Табиғи ресурстық, өндірістік, тұтынушылық, институционалдық әлеуетті дамыту.
Инвестициялық тартымды	Аудандық құрылымдардың экономикалық өмірін ырықтандыру, жекелеген компаниялар мен салалардың қызметіне мемлекеттің тікелей араласуын қысқарту, бұл жағдайда жанама әрекеттің тұтқалары мен құралдарын қолдану, олар мыналарды қамтиды: <ul style="list-style-type: none"> – инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде әкімшілік кедергілерді қысқарту; – инфрақұрылымға қол жеткізу бойынша рәсімдерді оңтайландыру; – кедендік әкімшіліктендіруді жетілдіру; – экономиканы жаңғыртуға және инновациялық дамытуға инвестицияларды ынталандыруға бағытталған салық саясатының шаралары; – инвестицияларды сүйемелдеуді үйлестіру және инвесторлардың құқықтарын қорғау. 	Аудандардың инновациялық, еңбек, инфрақұрылымдық, зияткерлік әлеуетін дамыту, қол жеткізілген даму деңгейін қолдау.

Алматы облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары (Алматы мемлекеттік табиғи қорығы, Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы, «Алтын Емел» мемлекеттік табиғи қорығы, «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі) бойынша туристік өнімдерді дамыту Алматы облысында рекреациялық туризмді дамыту жөніндегі іс-қимылдың перспективалы бағыты болуы мүмкін [5]. Рекреациялық аймақтарға бару бағдарламалары туристердің барлық санаттарында сұранысқа ие және осы өнімдерге қызығушылық танытатын адамдардың жаңа туристік ағындарын ашады. Рекреациялық және табиғи-экологиялық туризмді дамытуға жарамды аумақтар мыналар да болуы мүмкін:

- «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- «Шарын» мемлекеттік ұлттық паркі;

- Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерваты;
- Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы;
- Мемлекеттік табиғат ескерткіші «Ән салатын құмдар».

Бұл жобалар өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру үшін аса маңызды мәнге ие болуы мүмкін. Мұндай ірі бастамалар жалпы өңірдің дамуына оң әсер етеді. Инвестициялық мегажобалардың өңір экономикасына ықтимал үлесі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Инвестициялық мегажобалардың аумақ экономикасына ықтимал үлесі

4. Арнайы экономикалық аймақ құру.

Алматы облысының географиялық орналасуы өңірлік дамудың маңызды ресурсы болып табылады әрі Қытай және Қырғызстанмен көршілес болуымен айқындалады. Алматы облысы арқылы өтетін сыртқы сауда жүк тасымалдарының көлемі бүкіл Қазақстандық жүк айналымының 2/3 бөлігін құрайды. Қазақстан Үкіметі ҚХР Үкіметімен бірлесіп Алматы облысының аумағында «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құрды. Бұл басқаруды жүргізудің жалпы режимдерімен салыстырғанда кедендік, салықтық және басқа да жеңілдіктер беру негізінде инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға әсер етті. «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мақсаттары:

- Қазақстан Республикасының сауда-экспорттық қызметі мен транзиттік әлеуетін іске асыру мүдделерін қамтамасыз ететін, сондай-ақ шектес мемлекеттермен экономикалық және мәдени алмасуды дамытуға ықпал ететін тиімді көліктік-логистикалық және индустриялық орталық құру;

- Қазақстандық өнімді өндіру мен өткізудің жалпы әлемдік жүйесіне интеграциялауды жүзеге асыру, халықаралық стандарттарға сәйкес инновациялық, бәсекеге қабілетті отандық өнімді құру;

- инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;

- республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін жандандыру үшін өңірдің жедел дамуы;

- нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын жетілдіру, басқару мен шаруашылық жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

– халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру [5].

Арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, жеңілдіктер мен ынталандырулар әртүрлі аймақтар бойынша кейбір сандық айырмашылықтарға ие болуы мүмкін, бірақ іс жүзінде олар ұқсас. Сонымен бірге, аймақтардың жұмыс істеуінің әлеуметтік-экономикалық пайдасы айтарлықтай: қосымша жұмыс орындарын құру, халықаралық сауда алмасуды жандандыру, аумақтың ғылыми-өндірістік әлеуетін арттыру және т.б.

Алматы облысында арнайы экономикалық аймақ құрудың негізгі мақсаттары мыналар болуы мүмкін: шет елдермен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту, отандық және шетелдік капиталды, технологиялар мен басқару тәжірибесін тарту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге кәсіпорындардың әлеуетін арттыру.

Алматы облысында құрылған арнайы экономикалық аймақтар инвестициялық қызметті жүзеге асырудың мынадай жеңілдікті шарттарын көздеуге тиіс:

– сыртқы сауда жеңілдіктері-тауарларды арнайы экономикалық аймақтың аумағына бажсыз әкелу және әкету;

– салықтық жеңілдіктер – 5-20 жылға арналған салықтық демалыстар, 5 жылға дейінгі мерзімге қайта инвестицияланатын пайданы салықтан толық немесе ішінара босату, пайдаға салынатын салықтан жеңілдіктер және т. б.;

– қаржылық жеңілдіктер – капиталдың жаңа салымшыларына инвестициялық субсидиялар, басым мәні бар инвестициялық жобалар үшін мемлекеттік несиелер;

– әкімшілік жеңілдіктер – компанияларды тіркеудің оңайлатылған тәртібі, шетел азаматтарының келу-кету тәртібінің оңайлатылған тәртібі.

Қорытынды. Қазақстан табиғат ресурстарына аса бай. Сондықтан аса бай жер қойнауын игеріп жатқан шетелдік әріптестеріміздің елдің мүддесіне қарай нақты бетбұрыс жасап, біздің экономикамызды әртараптандыруға шешуші түрде қатысуға көндіру қажет. Қазақстан әлі де шетел инвестициясын қажет етеді, сондықтан республика экономикасына шетелдік капитал тартуды кеңейту келесі бағыттарды қамтуы тиіс: біріншіден, осы мақсатта өндіріс пен экономиканың басымды саналған салаларында шетелдік инвестицияларды тартудың құқықтық негізін жасау; екіншіден, өнімді бөлу бойынша концессиялар мен келісімдер туралы заңдарға сәйкес пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру; үшіншіден, баламалы валюта қаржы көздерін валюталық операциялар негізінде пайдалануға сүйенетін инвестициялық бағдарламаларды дәстүрлі емес қолдау мүмкіндіктері жөніндегі ұсыныстарды қарастыру; төртіншіден, инвестициялық ынтымақтастықтың тәсілдерін компенсациялық негізінде жасау. Мәселен Алматы облысындағы арнайы экономикалық аймақ инвестициялық климатты селективті ырықтандыру тетігі ретінде аймақаралық және сыртқы экономикалық байланыстарды ынталандыра отырып, экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өндірісті шоғырландыратын болады, инвестициялар үшін өзіндік «тұзақ» болып табылады. Ол техникалық-

технологиялық инновациялардың шоғырлануына, шаруашылық жүргізудің қазіргі заманғы нарықтық тетігін игеруге ықпал ететін болады.

Алматы облысында арнайы экономикалық аймақты ұйымдастыру өңір экономикасын әлемдік шаруашылыққа интеграциялау жолдарының біріне, өңіраралық экономикалық байланыстарды қарқындету құралына, өңірге отандық және шетелдік инвестициялардың ағынын арттыру құралына айналды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Программа развития Алматинской области на 2016-2020 годы (с изменениями внесенными решением областного маслихата от 26 октября 2017 года, № 24-122).

2. Гранберг А.Г. «Основы региональной экономики», 2000.

3. Колтынюк Б.А. Инвестиции: Учебник. – СПб.: Изд-во Михайлова, 2003. – 848 с.

4. <https://cis.raexpert.ru/rankings> // Перечень особо охраняемых природных территорий Алматинской области (заповедники и заказники) / Информация о перечнях особо охраняемых природных территорий управления туризма Алматинской области / Акимат Алматинской области

5. Ассоциация участников специальных экономических зон РК "SezUnion" / <http://sezunion.kz/ru/component/k2/item/39>.

К.Б. Дауылбаев¹, доктор экономических наук, профессор,

М.Е. Кудерина², магистрант

^{1,2} Алматинский Технологический Университет, г. Алматы, Казахстан

Проблемы и анализ инвестиционных отношений Алматинской области

Аннотация: В статье проанализирован инвестиционный климат и перспективы финансовых инвестиций для Алматинской области. Проблемы активизации и повышения эффективности инвестиционного процесса сегодня имеют важное значение для будущего Республики Казахстан и ее регионов. В данной статье проанализирована инвестиционная привлекательность Алматинской области, а также основные аспекты и факторы инвестиционных перспектив. Анализ инвестиций в экономику Республики Казахстан и иностранный капитал определен главным фактором повышения конкурентоспособности экономики, во многих планах является механизмом развития Республики, данный вид отношений оказывает положительное влияние на экономику, дальнейшее экономическое и деловое сотрудничество. Проблема исследования инвестиций включает анализ ее основной концепции и структуры, ее места в истории экономического учения, механизма и основных принципов инвестиционного процесса.

Инвестиции и доходы страны взаимосвязаны, что является неотъемлемым явлением. Совершенствование процесса инвестирования и повышение эффективности привлеченных инвестиций – приоритетная цель страны. Для более полного понимания смысла инвестиционного процесса необходимо раскрыть его значение, давая представление об инвестициях как экономической категории. В настоящее время в экономической литературе понятие "инвестиции"

сформулировано несколько иначе. Данная тема является актуальной, так как инвестиционные сферы являются механизмом развития как области, так и всей Республики во многих планах, данный вид отношений оказывает положительное влияние на экономику, дальнейшее экономическое и деловое сотрудничество.

Ключевые слова: конкурентоспособность региона, инвестиции, инвестиционная привлекательность, инвестиционный потенциал, инвестиционный рейтинг.

K. Dauylbaev¹, Doctor of Economic Sciences, professor

M. Kuderina², undergraduate

^{1,2} Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Analysis of investment relations of the Almaty region

Abstract. The article analyzes the investment climate and prospects of financial investments for the Almaty region. The problems of activating and improving the efficiency of the investment process today are of great importance for the future of the Republic of Kazakhstan and its regions. This article analyzes the investment attractiveness of the Almaty region, as well as the main aspects and factors of investment prospects. The analysis of investments in the economy of the Republic of Kazakhstan and foreign capital is determined by the main factor of increasing the competitiveness of the economy, in many plans it is a mechanism for the development of the Republic, this type of relationship has a positive impact on the economy, further economic and business cooperation. The problem of investment research includes an analysis of its basic concept and structure, its place in the history of economic theory, the mechanism and basic principles of the investment process.

Investment is an integral part of the country's economy, the main engine of economic growth, participating in the process of continuous, growing development. Investment and income of the country are interrelated, which is an integral phenomenon. Improving the investment process and improving the efficiency of attracted investments is a priority goal of the country. For a more complete understanding of the meaning of the investment process, it is necessary to reveal its meaning, giving an idea of investment as an economic category. Currently, the concept of "investment" is formulated somewhat differently in the economic literature.

Keywords: regional competitiveness, investment, investment attractiveness, investment potential, investment rating.

Ұ.А. Сабырбек, «Менеджмент» мамандығының 2 курс магистранты
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН БЕС ЖҰЛДЫЗДЫ ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУДА ЛОЯЛЬДІ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Түйіндеме. Зерттеу мақсаты – Алматы қаласында орналасқан бес жұлдызды қонақ үйлердің өзіндік ерекшеліктері мен қонақтарға көрсетілетін қосымша қызметтердегі соңғы үрдістердің қонақтарға қолайлылық деңгейін бағалап, қонақ үйлерді басқарудағы қонақтарға ұсынатын негізгі лояльді бағдарламаларын зерттеу. Лояльді бағдарламаларды зерттей отыра әлемдік қонақ үй желілерінің бағдарламалары мысалында қонақ үйге жаңа бағдарламаларды ұсыну.

Зерттеу құндылығы – мақалада әлемдегі қонақ үй желілерінің тәжірибесі ескеріп, Алматы қаласындағы орналасқан бизнес классты бес жұлдызды қонақ үйлер мысалында («Royal Tulip Almaty») лояльді бағдарламаларды анықтай отырып, бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері анықталған.

Қорытындылар – жүргізілген зерттеу негізінде Алматы қаласында орналасқан қонақ үйлердің лояльді бағдарламаларының деңгейіне баға бере отырып, қонақ үй қызметінің сапасын арттыру, қонақ үйдегі баға белгілеу саясатындағы негізгі мәселенің шешімдерін анықтау қарастырылады.

Түйінді сөздер: қонақжайлылық саласы, қонақ үй бизнесі, бәсеке-лестік, лояльді бағдарлама, тенденция, геймификация, бонустық жүйе.

Кіріспе. Лояльділік қайдан пайда болады? Әлеуетті қонақты адалға айналдыру тізбегін осылай елестетуге болады? Маркетингтік белсенділік арқасында әлеуетті тұтынушы лояльді қонаққа айналады. Содан кейін-қайта қонақ, тұтынушы және соңында лояльді қонаққа айналады. Маркетингтің міндеті – келушіні осы тізбек бойынша жылжыту. Лояльділік бағдарламалары қонақ үйге келген тұтынушыны ұстап тұруға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда лояльділік бағдарламасын болашақта қолданыстағы клиенттерге қайта сатуды дамыту, оларға қосымша тауарлар мен қызметтерді сату, корпоративтік идеялар мен құндылықтарды, әлеуетті пайдалы мінез-құлықтың басқа да түрлерін жылжыту үшін маркетингтік іс-шаралар кешені ретінде анықтауға болады. Лояльділік бағдарламасы – бұл қонақ үйдің логотипі бар имидждік карта ғана емес, бұл клиенттермен қарым-қатынасты басқарудың пәрменді құралы. Сауатты жобаланған лояльділік бағдарламасы тұрақты қонақтардың үлесін арттыруға және қонақ үйдің қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Статистика бойынша, жаңа тұтынушыны тарту кәсіпорынның бұрыннан бар тұтынушысын ұстап қалудан 5-10 есе қымбат болады. Сондықтан қазіргі заманғы қонақ үйлер тұрақты келушілердің адалдығын


арттыру, ұстап қалу мәселесіне көп көңіл бөледі. Ең тиімді шешімдердің бірі-қонақ үйдің лояльділік бағдарламасын енгізу [1].

Сараптамалық бөлім. Әлемдік үрдістер лояльділік бағдарламаларының үнемі өсіп келе жатқан танымалдығын куәландырады. Мәселен, АҚШ-тағы Colloquy Census зерттеулерінің мәліметтері бойынша лояльділік бағдарламаларына қатысатын адамдардың саны соңғы жылда 15%-ға өсті. Алайда, өткен кезеңде өсу қарқыны біршама баяулады (2015 жылы бағдарламаға қатысушылардың өсімі 26% құрады). Бірақ жалпы динамика сақталды. Адамдар лояльділік бағдарламаларына қатысып, осы пайданы алғысы келеді.

Мұны Nevsky Hotels Group маркетинг бөлімінің басшысы Ксения Михеева да растайды: біз Nevsky Hotels Group қонақ үйлер желісінің аудиториясына жақында талдау жүргіздік, ол тұрақты қонақтарға лояльділік бағдарламасы қызықты екенін көрсетті. Бұл ретте қонақтар «лояльділік бағдарламасы» ұғымына арнайы акциялар, жабық ұсыныстар мен жеңілдіктер сияқты заттарды салады. Олар бір жылдан кейін де бір отельге оралуға дайын. Және лояльділік бағдарламасы бұл үшін қосымша ынталандыру болуы мүмкін [2].

Лояльділік бағдарламасы қонаққа басқа қонақтардан ерекшеленуге мүмкіндік беру, оның брендке ұзақ бейімділігін және қайтадан қонақ үйге оралу қажеттілігін қалыптастыру үшін арналған. Бұл оның бонустық және дисконттық бағдарламалардан принципті айырмашылығы болып табылады, олар тұтынушы үшін тек бір жолғы акцияны ұсынады және тек белсенді сатуды ынталандырады. Бұл туралы қонақ үй басшылары: қонақ үйдің лояльділік бағдарламасының басты міндеті – клиенттермен ұзақ мерзімді қарым-қатынас құру. Бұған жеңілдіктер мен бонустар есебінен ғана қол жеткізуге болмайды. Біз лояльділік бағдарламасын әзірлеу кезінде кешенді тәсілді пайдаланамыз. Ол үш негізгі элементке негізделген.

- Мүмкіндік – қонақ үйде болған кездегі қосымша мүмкіндіктер;
- Пайда – тұрақты клиенттер үшін тартымды жағдайлар;
- Қуаныш – эмоционалдық тарту және сенімді қарым-қатынас жасау.



1-сурет. Әлемдегі қолданылу ауқымы бойынша лояльді бағдарламалар жіктелімі

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған, 2020 ж.

Лояльділік бағдарламасына қатысушылар үшін ең маңыздысы не? Colloquy Census зерттеулерінің мәліметтері бойынша, америкалықтардың 53%-ы олардың лояльділік бағдарламасына қатысу туралы шешім қабылдайды. Тұтынушылар үшін бұл критерий үлкен жеңілдіктер алу мүмкіндігіне (39%) және түсіну қарапайымдылығына (37%) қарағанда маңызды болды. Сонымен қатар, АҚШ-тағы сатып алушылардың 57%, егер олар тым ұзақ және бонустар пен миль алу қиын болса, ниеттестік бағдарламаларына қатысудан бас тартады [3].

Әлемдегі қолданылу ауқымы бойынша қонақ үй желелерінің лояльді бағдарламалардың топ бестігін Marriott қонақ үй желісінің лояльді бағдарламасы бастап тұрған болса, бестікті Carlson, Hilton, Hyatt және Intercontinental қонақ үйлерінің лояльді бағдарламалары құрайды.

Әлемде Marriott Rewards, Club Carlson Rewards, Hilton HHonors сияқты ниеттестіктің бірнеше танымал бағдарламалары бар. Бұл әлемдегі ең табысты және жұмыс істейтін желілік қонақ үйлердің бағдарламалары. Олар қатысушыларға бүкіл әлем бойынша саяхаттай отырып, бонустар жинауға, сонымен бірге желінің кез келген нүктесінде орналасудың жоғары деңгейінің тұрақтылығына сенімді болуға құқық береді.

Лояльділік бағдарламасын құрудағы маркетингтің басты міндеті – жүзде құндылығы мен оның жетістіктерінің арасындағы тепе-теңдікті табу. Оның қатысушыларына түсінікті және қол жетімді бонустарға кепілдік беретін лояльділік бағдарламасы ең тиімді, ал олар өз кезегінде, күтіліп отырған пайданы қонақ үйде отырып, артықшылықтар алу процесіне мүдделі. Кез келген лояльділік бағдарламасының мәні пайда табу болып табылады. Егер бағдарлама күрделі болса, бонустар кепілсіз болса, онда қонақ оны пайдаланғысы келмейді.

1-кесте. Әлемдік қонақ үй желілерінің қолданысындағы бонустық жүйедегі лояльді бағдарламаларына талдау

Лояльді бағдарлама атауы	Пайдаланатын қонақ үй саны	Бонустық карта түрлері	Қолданушы қонақтар саны
Marriott Rewards	4600	Standard, Silver Elite, Gold Elite, Platinum Elite	30 000 000
Carlson Rewards	1000	Қызыл, күміс, алтын, консьерждік	23 000 000
Hilton HHonors	4800	Standard, Silver, Gold және Diamond	27 000 000
